




«№ 43ҚББМО» ІІЖК МҚК директоры

Н.К. Жағасаев

02.09.2024 жыл



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жауапты басшының лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жауапты басшы (бұдан әрі – Жауапты басшы) ұйым басшысы бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

2. Жауапты басшы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

3. Жауапты басшы тікелей ұйым басшысына бағынады.

2. Лауазымдық міндеттері

1. Ұйымда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және олардың алдын алу шараларын ұйымдастыру.

2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ішкі бақылау жүйесін әзірлеу және енгізу.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын бақылау.

4. Ұжым қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарымен таныстыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты түскен ақпаратты қабылдау, тіркеу және қарау, қажет болған жағдайда құзыретті органдарға хабарлау.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған ішкі актілер жобаларын әзірлеуге қатысу.

7. Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру іс-шараларын өткізу.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша есептілікті әзірлеу және уәкілетті органдарға уактылы ұсыну.

3. Құқықтары:

Жауапты басшы:

1. Ұйым қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауға қатысуға.

2. Қажетті құжаттарға, ақпараттарға және есептерге қол жеткізуге.

3. Ұйым қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын орындауды талап етуге.

4. Ұсынымдар енгізуге және тиісті шешімдер қабылдау үшін ұйым басшылығына ұсыныс жасауға.

4. Жауапкершілігі:

1. Өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ішкі тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқық бұзушылықтар үшін жауап береді.

3. Өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны немесе немқұрайлы қарағаны үшін жауап береді.

5. Біліктілік талаптары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы білуі тиіс.

2. Ұйымдастырушылық қабілеті және жұмыс тәжірибесі болуы қажет (кемінде 3 жыл ұсынылады).

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Таныстым :

(колы) (Т. А. Ә.)

Күні: "02" 09 2024 ж.